

«Халықаралық журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханға дайындық үшін арналған ТАҚЫРЫПТАР:

Жазбаша емтихан тақырыптары (280-400 сөз):

- 1) «Журналистика» дегеніміз не? Саланың қоғамдық рөлін қалай сипаттар едіңіз? Журналистің мақсат-міндеті не? Мысалдар келтіріңіз.
- 2) Қандай БАҚ-ты (Бұқаралық ақпарат құралдары) оқисыз және неліктен? Сіздің ой-пікіріңіздің өзгеруіне ықпал еткен журналистік материалдар болды ма?
- 3) Біз ақпараттық технологияның дамуы қарқын алған заманның куәгеріміз. Бірақ, бұған қарамастан, қоғамның дамуына қатысты маңызды мәселелер қалы қалатындай жоқ емес. Бұл жағдайда Сіз қалай түсіндірер едіңіз. Себебін тарқатып айтыңыз.
- 4) Заманауи журналист қандай болуы қажет? Оның бойындағы қандай қасиет пен білімге басымдық берер едіңіз және неліктен? Мысал келтіріңіз?
- 5) Жасанды интеллект (ЖИ) журналистің де орнын басады деген пікір бар. Қазірдің өзінде комментатор ретінде жұмыс істеп жатқан ЖИ бар. Сіз қалай ойлайсыз? ЖИ сізге бәсеке бола ала ма? Мысал келтіріңіз?

Ауызша емтихан - сұбат:

1. Халықаралық журналистика мамандығын таңдауыңызға не себеп болды? Осындай шешім қабылдауыңызға түрткі болған жағдайды баяндап аласыз ба?
2. Отандық және халықаралық БАҚ-тың дамуына не әсер етеді деп ойлайсыз? Журналистиканың даму бағытын қалай айқындауға болады?
3. Сіз үлгі тұтар журналисті атай аласыз ба және оның қандай еңбектерін ерекше атап өтер едіңіз? Қандай қасиеттері Сізді еліктізді және неліктен?
4. Күнделікті ақпаратты қандай платформалардан аласыз және оның себебін түсіндіре аласыз ба? (Дәстүрлі медиа: телевизия, радио, басылым немесе сандық медиа. Дәстүрлі емес: әлеуметтік желілер). Нақты мысал келтіріңіз.
5. Хоббиіңіз бар ма? Онымен неліктен айналыса бастадыңыз? Себебін тарқатып айта аласыз ба? Хоббиіңіз журналист болып қалыптасуыңызға қалай әсер етуі мүмкін?
6. Сіздің пікіріңізше қоғамдағы қандай мәселелер журналистің назарынан тыс қалып жатады. Мәселен, жаһандық жылыну және жасыл экономика жайлы ақпараттарды жиі кездестіресіз бе?
7. ЖИ халықаралық журналистиканың дамуына қалай әсер етуі мүмкін? Болашақта журналистиканың орнын басуы мүмкін бе? ЖИ Сізге бәсеке бола ала ма?
8. Халықаралық жаңалықтардан тыс қалмау үшін қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз және жаңалықтарды негізінен қай тілде оқисыз, неліктен?
9. Журналистика қандай трансформацияға ұшырауы мүмкін? Саланың аудитория өзгеруі мүмкін бе? Отандық БАҚ-тың дамуына серпін беру үшін не істеуіміз керек? Сіздің пікіріңізше қандай іс-шараларға басымдық берілуі тиіс?
10. Қазір біздің қоғамда кеңінен талқыланып жатқан қандай мәселені ерекше атап айтар едіңіз? Ондағы журналистің рөлін қалай бағалайсыз?